

Ақтөбе қаласы

№343

28.08.2025 ж

**«1-4 сынып оқушыларына тегін
ыстық тамақты ұйымдастыру туралы»**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген жоспарының 77 тармағына сәйкес, 2025-2026 оқу жылынан бастап облыстық мәслихатының 28.04.2023 жылғы №13 шешіміне сәйкес, 1-4 сынып оқушыларына тегін тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН :

1. 2025-2026 оқу жылында 1-4 сынып оқушыларына ыстық тамақ беру жұмысы 02.09.2025 жылдан бастап ұйымдастырылсын.
2. 2025 жылы Ақтөбе облысының білім басқармасының басшысы Б.Кузембаева бекіткен, Ақтөбе облысы бойынша жалпы білім беретін мектептердің жекелеген санаттағы және 1-4 сыныптардың барлық оқушыларының тегін ыстық тамағын ұйымдастыруға арналған 4 апталық ас мәзірі басшылыққа алынсын.
3. Мектеп асханасындағы санитарлық – эпидемиологиялық тазалық нормаларының сақталуы, сатуға тыйым салынған тағамдарды бақылау - мектеп әкімшілігі тарапынан бақылауға алынып, кезекшіліктер ұйымдастырылсын.
4. 1-4 класстар бойынша мектеп асханасындағы тамақтану кестесі, асхананың жұмыс жасау кестесі ұйымдастырылсын.
5. 4 апталық ас мәзірі бойынша бекітілуге тиісті баға көрсеткіші – 665 теңге болып белгіленсін.
6. Ата-аналармен, сынып жетекшілермен түсінік жұмыстарын жүргізу әлеуметтік педагог Т.Мырзабекқызына жүктелсін.
7. 1-4 сыныптар бойынша оқушылардың тамақтану кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қатысымын есепке алу сынып жетекшілерге жүктелсін.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың ақпараттық істер жөніндегі орынбасары Қ.Қ.Токсанбаева және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.М.Кулбасоваға міндеттелсін.

Мектеп директоры :



А.Ж.Айзакова